

"KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE клиринг орталығы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

2026 жылғы 30 маусымдағы
№ 11 отрыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2026 жылғы 19 шілдеден бастап

қолданысқа енгізілді

Төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуы үшін қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы Ережелер "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 254 қаулысымен бекітілген Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 201 қаулысымен бекітілген Банкаралық ақша аудару жүйесінің жұмыс істеу ережелеріне, Ұлттық Банктің өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі орталық аппараты бөлімшелерінің, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамының, "KASE клиринг орталығы" акционерлік қоғамының, операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде өзара іс-қимыл регламентіне, сондай-ақ "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Осы Ережелер операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету мақсатында төлем жүйелеріне қатысушылардың қамтамасыз етулерін Клиринг орталығының қабылдауының, есепке алуының және бақылауының шарттары мен тәртібін айқындайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының ішкі құжаттарында қарастырылған ұғымдар, сондай-ақ мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:
 - 1) **ішкі құжаттар** – Клиринг орталығының ішкі құжаттары;
 - 2) **МБҚ** – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ҚРҰБ төлем жүйелерінде есеп айырысуды аяқтау үшін қамтамасыз ету ретінде қабылдайтын мемлекеттік бағалы қағаздары;
 - 3) **Шарт** – Клиринг орталығы Клиринг орталығы мен клирингілік қатысушы арасында жасалатын төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуы үшін қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау шеңберінде клирингілік қызмет көрсету туралы шарт;
 - 4) **клирингілік қатысушы** – қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы болып табылатын және Шартқа қосылған клирингілік қатысушы;
 - 5) **ХТЖ** – Visa және Mastercard халықаралық төлем жүйелері;
 - 6) **БААЖ** – банкаралық ақша аудару жүйесі;
 - 7) **ҚРҰБ** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
 - 8) **қамтамасыз ету** – МБҚ және/немесе клирингілік қатысушының ұлттық валютадағы ақшасы;
 - 9) **шектеу лимиті** – Қамтамасыз ету шотында қамтамасыз ету сомасынан кем емес мөлшерде МҚБ-ның және (немесе) ұлттық валютадағы ақша қаражатының болуын бақылау мақсатында Клиринг орталығы сауда-клиринг жүйесінде клирингілік қатысушының қамтамасыз ету сомасы мөлшерінде белгілейтін лимит;
 - 10) **төлем жүйесінің операциялық орталығы** – "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық төлем корпорациясы" АҚ;
 - 11) **төлем жүйелері** – операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелері: төлем карточкаларының банкаралық жүйесі (ТКБЖ), мобильді төлемдердің банкаралық жүйесі (МТБЖ);
 - 12) **шекті мәндер** – осы мәнге жету Регламентте айқындалған тәртіппен ҚРҰБ, Клиринг орталығы және төлем жүйесінің операциялық орталығы тарапынан мониторинг жүргізу және хабарлама беру шараларын қолдануға әкеп соғатын клирингілік қатысушының шығыс лимитінің белгіленген мәндері;
 - 13) **КЖ/ТҚҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;
 - 14) **Клиринг ережелері** – Клиринг орталығының "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжаты;

- 15) **Есеп айырысу ережелері** – Клиринг орталығының "Қор нарығында орталық контрагенттің қатысуымен жасалатын мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжаты;
 - 16) **шығыс лимиті** – клирингілік қатысушының операциялық күн ішінде төлем жүйесінде жасауына жол берілетін операцияларының шекті көлемі;
 - 17) **Регламент** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе оның еншілес ұйымы оператор болып табылатын төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі орталық аппараты бөлімшелерінің, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамының, "KASE клиринг орталығы" акционерлік қоғамының өзара іс-қимыл регламенті;
 - 18) **есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесі** (әрі қарай – қамтамасыз ету жүйесі) – ҚРҰБ, Клиринг орталығы және осы жүйелерге қатысушылар арасындағы шарттарға сәйкес төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету үшін ҚРҰБ пайдаланатын механизм;
 - 19) **Келісім** – Клиринг орталығы, ҚРҰБ және төлем жүйесінің операциялық орталығы арасында жасалған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе оның еншілес ұйымы операторы болып табылатын төлем жүйелерінде қамтамасыз етуді қабылдауды, есепке алуды және оның жеткіліктілігін бақылауды жүзеге асыру туралы келісім;
 - 20) **Қамтамасыз етудің қосалқы шоты** – МБҚ қабылдау, есепке алу және сақтау мақсатында Орталық депозитарийде клирингілік қатысушы ашатын жеке шоттың қосалқы шоты;
 - 21) **қамтамасыз ету сомасы** – әрбір клирингілік қатысушы үшін Клиринг орталығы есептейтін және төлем жүйелерінде қамтамасыз ету жүйесі шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылған банкаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз етуге арналған қамтамасыз ету мөлшері;
 - 22) **Қамтамасыз ету шоты** – клирингілік қатысушы үшін Клиринг орталығы ашқан және қамтамасыз етуді есепке алу мен бақылауды көрсетуге арналған клирингілік шот;
 - 23) **қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы** – ҚРҰБ-мен жасалған тиісті шарт негізінде қамтамасыз ету жүйесіне қосылған төлем жүйесінің қатысушысы;
 - 24) **АТҚАЖ** – ақпаратты тасымалдаудың қаржылық автоматтандырылған жүйесі – қорғалған байланыс арналары арқылы ақпаратты электрондық түрде беруге арналған арнайы байланыс арнасы;
 - 25) **Орталық депозитарий** – "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ.
2. Клиринг орталығы осы Ережелердің 1-қосымшасындағы нысан бойынша қосылу арқылы клирингілік қатысушымен жасалған шарттың негізінде осы Ережелерде айқындалған тәртіппен қамтамасыз етуді қабылдауды, есепке алуды және оның жеткіліктілігін бақылауды жүзеге асырады. Шарт Клиринг орталығының интернет-ресурсында орналастырылады.
 3. Клирингілік қатысушы шарт жасасу үшін осы Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Шартқа қосылу туралы өтінішті ұсынады.
Клирингілік қатысушы Клиринг орталығы Шартқа қосылу туралы өтінішті алған күннен бастап Шартқа қосылған болып есептеледі.
 4. Клиринг орталығы, ҚРҰБ және төлем жүйесінің операциялық орталығы арасындағы өзара іс-қимыл, оның ішінде қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде ақпарат алмасу және іс-қимылдарды жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері Регламентте және Келісімде айқындалады.
 5. Осы Ережелерде қарастырылған ақпарат алмасу және жіберу АТҚАЖ жүйесі және (немесе) өзге де байланыс арналары, олар Регламентте айқындалған болса, арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШОТЫН АШУ

6. Клирингілік қатысушы тиісті төлем жүйесі бойынша (ТКБЖ бойынша — әрбір ХТЖ бойынша жеке-жеке) Қамтамасыз етудің қосалқы шотын ашуды қамтамасыз етеді және осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Клиринг орталығына хабарлама жібереді.

Орталық депозитарийдің депоненті болып табылмайтын клирингілік қатысушы осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген хабарламамен бір мезгілде Клиринг орталығына Қосалқы шот ашылған дербес шоттың иесі болып табылатын Орталық депозитарий депонентінің осы Ережелермен танысқанын және көрсетілген Қосалқы шотқа және ондағы бағалы қағаздарға қатысты осы Ережелерден туындайтын Клиринг орталығының әрекеттеріне келісетінін растайтын еркін нысанда жасалған, сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін ұсынады.

7. Клиринг орталығы клирингілік қатысушыдан Қамтамасыз етудің қосалқы шоты ашылғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде өзінің ақпараттық жүйелерінде Қамтамасыз етудің қосалқы шотында есептелген МБҚ туралы мәліметті көрсету үшін сауда-клирингілік шот, сондай-ақ клирингілік қатысушыдан түскен ақшаны ұлттық валютада көрсету үшін онымен байланысты ақшалай клирингілік шот ашады. ТКБЖ-да көрсетілген шоттар әрбір ХТЖ бойынша бөлек ашылады.

3-тарау. ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СОМАСЫН, ШЫҒЫС ЛИМИТІН ЖӘНЕ ШЕКТІ МӘНДЕРДІ БАСТАПҚЫ ЕСЕПТЕУ

8. Қамтамасыз ету сомасын, шығыс лимитін және шекті мәндрерді Клиринг орталығы ҚРҰБ айқындайтын тәртіппен және формулалар бойынша есептейді.
9. Клиринг орталығы қамтамасыз етудің бастапқы сомасын, шығыс лимиті мен шекті мәндрерін клирингілік қатысушыдан Қосалқы шот ашу туралы хабарлама алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде айқындайды және:
 - 1) клирингілік қатысушыға – қамтамасыз ету сомасы және шығыс лимиті туралы;
 - 2) төлем жүйесінің операциялық орталығына – шығыс лимиті және шекті мәндрер туралы;
 - 3) ҚРҰБ – қамтамасыз ету сомасы, шығыс лимиті және шекті мәндрер туралы ақпаратты жібереді.
10. ТКБЖ бойынша қамтамасыз ету сомасы әрбір ХТЖ бөлінісінде айқындалады.

4-тарау. ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҚАБЫЛДАУ, ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ

11. Клирингілік қатысушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде Клирингілік орталықтан қамтамасыз ету сомасы мен шығыс лимиті туралы алынған ақпаратты ескере отырып, деректемелері Клиринг орталығының интернет-ресурсында жарияланған Клиринг орталығының Қамтамасыз етудің қосалқы шотында МБҚ болуын және/немесе Клиринг орталығының корреспонденттік шотында ақшаның болуын қамтамасыз етеді. Қамтамасыз етудің қосалқы шотындағы қамтамасыз етудің және Клиринг орталығының корреспонденттік шотындағы ақшаның жиынтық құны қамтамасыз ету сомасынан кем болмауға тиіс.

Клиринг орталығы қамтамасыз ету сомасына сыйақы есептемейді.
12. Қамтамасыз ету мөлшерін айқындау мақсатында қамтамасыз етуге берілген МБҚ құнын Клиринг орталығы "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін айқындау әдістемесі" атты ішкі құжатына сәйкес айқындайды.
13. Клиринг орталығы клирингілік қатысушы қамтамасыз етуді тапсырған операциялық күннен кешіктірмей қамтамасыз ету шотында қамтамасыз ету сомасы мөлшерінде шектеу лимитін белгілейді және бұл туралы ҚРҰБ-ға, сондай-ақ төлем жүйесінің операциялық орталығына хабарлама жібереді.
14. Клиринг орталығы қамтамасыз етуді сегрегацияланған есепке алады.
15. Клирингілік қатысушы төлем жүйесінен шығарылған жағдайда Клиринг орталығы клирингілік қатысушының орындалмаған міндеттемесі болмаған кезде Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес қамтамасыз етуді қайтарады.

5-тарау. ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СОМАСЫН, ШЫҒЫС ЛИМИТІН ЖӘНЕ ШЕКТІ МӘНДЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

16. Клиринг орталығы ай сайын 5 (бесінші) жұмыс күніне дейінгі мерзімде қамтамасыз ету сомасын, шығыс лимиті мен шекті мәндерді қайта есептейді және қамтамасыз етудің есептелген сомасына сәйкес қамтамасыз ету шоты бойынша шектеу лимиттерін жаңартады.

Осы Ережелерде қарастырылған жағдайларда қамтамасыз ету сомасы, шығыс лимиті және шекті мәндер туралы ақпаратты Клиринг орталығы осы Ережелердің 9-тармағында қарастырылған тәртіппен жібереді.

17. Клирингілік қатысушы ай сайын осы Ережелердің 16-тармағында көрсетілген мәліметті ескере отырып, 7 (жетінші) жұмыс күніне дейінгі мерзімде қамтамасыз ету мөлшері жеткіліксіз болған кезде қажетті мөлшерде қосымша қамтамасыз ету көлемін ұсынады.
18. Клиринг орталығы "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі" атты ішкі құжатына сәйкес айқындалатын МБҚ-ның есеп айырысу бағаларын ескере отырып, қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне күнделікті бақылау жасайды.
19. МБҚ-ның есеп айырысу бағасының өзгеруіне байланысты қамтамасыз етудің жеткіліксіздігін клирингілік қатысушы ағымдағы клирингілік күні сағат 14.00 ALТ дейін қамтамасыз етудің қосымша көлемін енгізу арқылы жоюға тиіс.

Клирингілік қатысушының қамтамасыз етудің қосымша көлемін беру жөніндегі міндеттемесі қамтамасыз ету шотында тиісті қамтамасыз ету көрсетілген кезден бастап орындалған болып есептеледі.

20. Клирингілік қатысушы қамтамасыз етудің жеткіліксіздігін жоймаған жағдайда, осы Ережелердің 19-тармағында белгіленген мерзімде Клиринг орталығы қамтамасыз етудің нақты сомасына сәйкес келетін шығыс лимитін есептейді және белгілейді.
21. Клирингілік қатысушы Клиринг орталығының қажетті қамтамасыз ету сомасына дейін қосымша қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі талаптарын орындағаннан кейін Клиринг орталығы осы Ережелердің 16-тармағына сәйкес есептелген деңгейге дейін шығыс лимитінің мөлшерін белгілейді.
22. Клиринг орталығы клирингілік қатысушының жазбаша өтініші негізінде қамтамасыз ету шотындағы қамтамасыз ету сомасы жеткілікті болған кезде шығыс лимитін сұрау салынатын мөлшерге дейін ұлғайтуға құқылы.
- Шығыс лимиті ұлғайған кезде Клиринг орталығы қамтамасыз ету шоты бойынша шектеу лимитін және шекті мәндерді жаңартады.
23. Ерекше жағдайларда ҚРҰБ қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының шығыс лимиті мен шекті мәндерін өзгертуге құқылы.

6-тарау. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ ОРЫНДАЛМАҒАН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ РЕТТЕУ ҮШІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ПАЙДАЛАНУ

24. ҚРҰБ-дан өз қаражаты есебінен БААЖ-ға есеп айырысуды аяқтағаны және клирингілік қатысушының көрсетілген қаражатты өтеу жөніндегі ҚРҰБ алдындағы міндеттемесін орындамағаны туралы хабарлама келіп түскен кезде Клиринг орталығы келесі жұмыс күнінен кешіктірмей клирингілік қатысушының клирингілік қатысушыны қамтамасыз ету шотынан ҚРҰБ шотына қамтамасыз етуді ол көрсеткен деректемелер бойынша аудару жолымен клирингілік қатысушының ҚРҰБ алдындағы орындалмаған міндеттемесін реттеуді жүзеге асырады.

Қамтамасыз етуді аудару мынадай мәндердің ең азы мөлшерінде жүзеге асырылады: ҚРҰБ хабарламасында көрсетілген сома немесе клирингілік қатысушыны қамтамасыз ету шотындағы қамтамасыз ету сомасы.

Клиринг орталығы ҚРҰБ хабарламасын орындау мақсатында клирингтік қатысушыны қамтамасыз ету шотынан активтерді ҚРҰБ шотына келесі ретпен аударуды жүзеге асырады:

- 1) Клиринг орталығының корреспонденттік шотындағы ақша;
- 2) өтеуге дейінгі мерзімді ұлғайту тәртібімен МБҚ.

25. Осы тараудың 24-тармағында көрсетілген қамтамасыз етуді ауыстыру күні Клиринг орталығы клирингтік қатысушыны осындай ауыстыру туралы хабардар етеді.

Клирингтік қатысушы келесі жұмыс күні сағат 14.00 ALT дейін қамтамасыз ету шотын осы Ережелердің 5-тарауына сәйкес айқындалған мөлшерге дейін толықтыруды қамтамасыз етеді.

Клирингтік қатысушы осы тармақтың екінші абзацында белгіленген шартты орындамаған жағдайда, Клиринг орталығы қамтамасыз етудің нақты сомасына сәйкес келетін шығыс лимитін белгілейді.

Клирингтік қатысушы Клиринг орталығының қажетті қамтамасыз ету сомасына дейін қосымша қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі талаптарын орындағаннан кейін Клиринг орталығы осы Ережелердің 16-тармағына сәйкес есептелген деңгейге дейін шығыс лимитінің мөлшерін белгілейді.

7-тарау. ҚЖ/ТҚҚ НОРМАЛАРЫН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САНКЦИЯЛЫҚ ШЕКТЕУЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

26. Клирингтік қатысушыны, клирингтік қатысушының клиентін, оның бенефициарлық меншік иелерін немесе клирингтік қатысушыны, оның клиентін, оның ішінде қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыны тікелей немесе жанама иеленетін немесе бақылайтын ұйымды террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізіміне және/немесе терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және/немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне қосқан жағдайда, қамтамасыз ету бұғатталады. Қамтамасыз етумен кез келген операция жүргізілмейді.
27. Клиринг орталығының қамтамасыз ету жүйесі шеңберінде орындалмаған міндеттемені реттеу үшін ҚЖ/ТҚҚ шеңберінде бұғаттау процедуралары қолданылған қамтамасыз етуді пайдалануға құқығы жоқ.
28. Клирингтік қатысушыға және/немесе оның клиентіне, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне халықаралық санкция (тыйым және (немесе) шектеу) және (немесе) Клиринг орталығы үшін қандай да бір тәуекелге әкеп соғуы мүмкін өзге де шара қолданылған жағдайда, Клиринг орталығы клирингтік қатысушымен жасалған шартты соттан тыс біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

8-тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

29. Осы Ережелерде реттелмеген мәселелер заңнамаға, Клиринг орталығының Жарғысына, оның ішкі құжаттарына, өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған Клиринг орталығының органдары мен лауазымды адамдарының шешімдеріне, сондай-ақ төлем жүйелеріндегі есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету мақсатында қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау шеңберінде ҚРҰБ және төлем жүйесінің операциялық орталығымен жасалған шарттар мен келісімдердің қағидаларына сәйкес шешіледі.
30. Жаңа редакциядағы ережелер олар қолданысқа енгізілетін күннен кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей Клиринг орталығының интернет-ресурсында орналастыру арқылы клирингтік қатысушылардың назарына жеткізіледі.
31. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ үш жылда бір реттен сиретпей өзекті етілуге тиіс.
32. Осы Ережелерге уақытылы өзгеріс және толықтыруақытылы енгізу үшін клирингтік бөлімше жауапты болады.

Төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуы үшін қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау ережелерінің

1-қосымшасы

Төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуы үшін қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау шеңберінде клирингілік қызмет көрсету туралы

Ш А Р Т

Д О Г О В О Р

о клиринговом обслуживании в рамках приема, учета и контроля достаточности обеспечения для завершения расчетов в платежных системах

<p>Шарт Қосылу шарты болып табылады және "KASE клиринг орталығы" АҚ төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету мақсатында қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау жөніндегі стандартты талаптарды айқындайды. Клирингілік қатысушы Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Шартқа қосылады.</p>	<p>Договор является договором присоединения и определяет стандартные условия по приему, учету и контролю достаточности обеспечения АО "Клиринговый центр KASE" в целях обеспечения завершения расчетов в платежных системах. Клиринговый участник присоединяется к Договору путем проставления своей подписи на Заявлении о присоединении к Договору.</p>
<p>1. Терминдер мен анықтамалар</p> <p>1.1. Клиринг орталығы – "KASE клиринг орталығы" АҚ;</p> <p>Клирингілік қатысушы – қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы болып табылатын және Шартқа қосылған клирингілік қатысушы;</p> <p>Қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы – Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен жасалған тиісті Шарт негізінде қамтамасыз ету жүйесіне қосылған төлем жүйесіне қатысушы;</p> <p>Есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесі (бұдан әрі – қамтамасыз ету жүйесі) – ҚРҰБ, Клиринг орталығы және осы жүйелерге қатысушылар арасындағы шарттарға сәйкес төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету үшін ҚРҰБ пайдаланатын механизм;</p> <p>Төлем жүйелері – операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелері: төлем карточкаларының</p>	<p>1. Термины и определения</p> <p>1.1. Клиринговый центр – АО "Клиринговый центр KASE";</p> <p>Клиринговый участник – клиринговый участник, являющийся участником системы обеспечения и присоединившийся к Договору;</p> <p>Участник системы обеспечения – участник платежной системы, присоединившийся к системе обеспечения на основании соответствующего договора с Национальным Банком Республики Казахстан;</p> <p>Система обеспечения завершения расчетов (далее – система обеспечения) – механизм, используемый НБРК для обеспечения завершения расчетов в платежных системах, в соответствии с договорами между НБРК, Клиринговым центром и участниками этих систем;</p> <p>Платежные системы – платежные системы, оператором которых выступает Национальный Банк Республики Казахстан либо его дочерняя организация;</p>

<p>банкаралық жүйесі (ТКБЖ), мобильді төлемдердің банкаралық жүйесі (МТБЖ);</p> <p>МБҚ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ТКБЖ-де есеп айырысуды аяқтау үшін қамтамасыз ету ретінде қабылдайтын мемлекеттік бағалы қағаздар;</p> <p>БААЖ – банкаралық ақша аудару жүйесі;</p> <p>ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;</p> <p>Клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 254 қаулысымен бекітілген Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері;</p> <p>БААЖ ережелері – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 201 қаулысымен бекітілген Банкаралық ақша аудару жүйесінің жұмыс істеу ережелері;</p> <p>Төлем жүйелерінің жұмыс істеу ережесі – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 218 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе оның еншілес ұйымы операторы болып табылатын төлем жүйелерінің жұмыс істеу ережелері;</p> <p>Ережелер – Клиринг орталығының "Төлем жүйелеріндегі есеп айырысудың аяқталуы үшін қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау ережелері" атты ішкі құжаты;</p> <p>Клиринг ережелері – Клиринг орталығының "Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжаты;</p> <p>Есеп айырысу ережелері – Клиринг орталығының "Қор нарығында орталық контрагенттің қатысуымен жасалатын мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысу ережелері" атты ішкі құжаты;</p> <p>Регламент – Ұлттық Банк төрағасының 2026 жылғы 16 ақпандағы № 65 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшелерінің, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік</p>	<p>межбанковская система платежных карточек (МСПК), межбанковская система мобильных платежей (МСМП);</p> <p>ГЦБ – государственные ценные бумаги, принимаемые Национальным Банком Республики Казахстан в качестве обеспечения для завершения расчетов в платежных системах;</p> <p>МСПД – межбанковская система перевода денег;</p> <p>НБРК – Национальный Банк Республики Казахстан;</p> <p>Правила осуществления клиринговой деятельности – Правила осуществления клиринговой деятельности по сделкам с финансовыми инструментами, утвержденные постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 29 октября 2018 года № 254;</p> <p>Правила МСПД – Правила функционирования межбанковской системы переводов денег, утвержденные постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 31 августа 2016 года № 201;</p> <p>Правила функционирования платежных систем – Правила функционирования платежных систем, оператором которых выступает Национальный Банк Республики Казахстан либо его дочерняя организация, утвержденные постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 31 августа 2016 года № 218;</p> <p>Правила – внутренний документ Клирингового центра "Правила приема, учета и контроля достаточности обеспечения для завершения расчетов в платежных системах";</p> <p>Правила клиринга – внутренний документ Клирингового центра "Правила осуществления клиринговой деятельности по сделкам с финансовыми инструментами";</p> <p>Правила расчетов – внутренний документ Клирингового центра "Правила осуществления денежных расчетов по сделкам с центральным контрагентом на фондовом рынке";</p> <p>Регламент – Регламент взаимодействия подразделений центрального аппарата Национального Банка Республики Казахстан, акционерного общества "Национальная платежная корпорация Национального Банка Республики</p>
--	--

<p>қоғамының, "KASE клиринг орталығы" акционерлік қоғамының банкаралық төлем карточкалары жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде өзара іс-қимыл жасасу регламенті;</p> <p>Тараптар – Клиринг орталығы және Клирингілік қатысушы.</p> <p>Шартта пайдаланылатын және осы тармақта айқындалмаған ұғымдар мен терминдер Клирингілік қызмет ережелерін, БААЖ ережелерін, Төлем жүйелерінің жұмыс істеу ережелерін, Регламентті, сондай-ақ Клиринг орталығының ішкі құжаттарын, оның ішінде Клирингілік ережелерді, Есеп айырысу ережелерін, Клирингілік қатысушылар туралы қағиданы, Клирингілік алымдар және тұрақсыздық айыбы туралы қағиданы (бұдан әрі бірге – қолданымды Ережелер) қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мәндерде қолданылады.</p>	<p>Казахстан", акционерного общества "Клиринговый центр KASE" в рамках функционирования системы обеспечения завершения расчетов в платежных системах, оператором которых выступает Национальный Банк Республики Казахстан либо его дочерняя организация;</p> <p>Стороны – Клиринговый центр и Клиринговый участник.</p> <p>Понятия и термины, используемые в Договоре и не определенные настоящим пунктом, применяются в значениях, установленных законодательством Республики Казахстан, включая Правила клиринговой деятельности, Правила МСПД, Правила функционирования платежных систем, Регламентом, а также внутренними документами Клирингового центра, в том числе Правилами, Правилами клиринга, Правилами расчетов, Положением о клиринговых участниках, Положением о клиринговых сборах и неустойках (далее совместно – применимые Правила).</p>
<p style="text-align: center;">2. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР</p> <p>2.1. Шарт Тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасасатын Қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын Клирингілік қатысушы тек Шартқа қосылу жолымен ғана қабылдай алады.</p> <p>2.2. Шарт Клиринг орталығының интернет-ресурсында орналастырылады.</p> <p>2.3. Шартқа сәйкес Клирингілік қатысушы тапсырады, ал Клиринг орталығы қамтамасыз етуді қабылдауды, есепке алуды және оның жеткіліктілігін бақылауды жүзеге асыруға және қолданыстағы Ережелерде айқындалған талаптармен төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету үшін өзге де әрекетті жүзеге асыруға міндеттенеді.</p> <p>2.4. Шарт Клиринг орталығы мен клирингілік қатысушының клиенттері арасындағы қарым-қатынасты реттемейді.</p>	<p style="text-align: center;">2. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ</p> <p>2.1. Договор является договором присоединения, заключаемым Сторонами в соответствии с положениями статьи 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан, условия которого могут быть приняты Клиринговым участником исключительно путем присоединения к Договору в целом.</p> <p>2.2. Договор размещается на интернет-ресурсе Клирингового центра.</p> <p>2.3. В соответствии с Договором Клиринговый участник поручает, а Клиринговый центр обязуется осуществлять прием, учет и контроль достаточности обеспечения и осуществлять иные действия для обеспечения завершения расчетов в платежных системах на условиях, определяемых применимыми Правилами.</p> <p>2.4. Договор не регулирует отношения между Клиринговым центром и клиентами Клирингового участника.</p>
<p style="text-align: center;">3. ШАРТҚА ҚОСЫЛУ ТАЛАПТАРЫ</p> <p>3.1. Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Клирингілік қатысушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> – қолданымды Ережелер мен Шарттың ережелерін алғанын, оқығанын, түсінгенін және толық көлемде, қандай да бір ескерту мен қарсылықсыз олармен келісетінін және Шарттың барлық ережесін уақытылы және 	<p style="text-align: center;">3. УСЛОВИЯ ПРИСОЕДИНЕНИЯ К ДОГОВОРУ</p> <p>3.1. Подписывая Заявление о присоединении к Договору, Клиринговый участник подтверждает и соглашается с тем, что:</p> <ul style="list-style-type: none"> – получил, прочитал, понял и согласился с положениями условий применимых Правил и Договора в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений, и обязуется

<p>толық көлемде орындауға міндеттенетінін және олардың ережелерінің, шарттары мен талаптарының мәнін түсінетінін, сондай-ақ олардың қағидаларымен, шарттарымен және талаптарымен сөзсіз келісетінін;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Шартта және қолданымды Ережелерде қарастырылған міндеттеменің орындалмауына және (немесе) тиісінше орындалмауына байланысты тәуекелді және оның барлық ықтимал қолайсыз салдарын өзіне қабылдайды; - Клиринг орталығының Шартта қарастырылған іс-қимылдарды жүзеге асыруының барлық талабымен және тәртібімен келіседі; - Шарттың барлық қағидасы Клирингілік қатысушының еркі мен мүддесіне толық сәйкес келеді; - Клирингілік қатысушының, егер Клиринг орталығында Клирингілік қатысушы қол қойған Шартқа қосылу туралы өтініштің данасы болса, оның Шартты оқымағанының/түсінбегенінің/қабылда мағанының дәлелі ретінде Шартта оның қолының болмауына сілтеме жасауға құқығы жоқ екенін растайды және келіседі. 	<p>своевременно и в полном объеме выполнять все положения Договора и понимает значение их положений, условий и требований, а также безусловно соглашается с их положениями, условиями и требованиями;</p> <ul style="list-style-type: none"> - принимает на себя риски и все возможные неблагоприятные последствия, связанные с неисполнением и (или) ненадлежащим исполнением обязательств, предусмотренных Договором и применимыми Правилами; - согласен со всеми условиями и порядком осуществления Клиринговым центром действий, предусмотренных Договором; - все положения Договора в полной мере соответствуют волеизъявлению и интересам Клирингового участника; - Клиринговый участник не вправе ссылаться на отсутствие его подписи в Договоре, как доказательство того, что Договор не был им прочитан/понят/принят, если у Клирингового центра имеется экземпляр подписанного Клиринговым участником Заявления о присоединении к Договору.
<p>4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТІ</p> <p>4.1. Клиринг орталығының міндеті:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету мақсатында қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау; 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және қолданымды Ережелерде қарастырылған клирингілік және сауда-клирингілік шоттарды ашу; 3) Клирингілік қатысушыны Шартта қарастырылған мерзімде және тәртіппен Шартқа енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар (оның ішінде Шарттың жаңа редакцияда бекітілгені) туралы хабардар ету; 4) қолданымды Ережелерде қарастырылған өзге де міндеттемені орындау. 	<p>4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН</p> <p>4.1. Клиринговый центр обязуется:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) осуществлять прием, учет и контроль достаточности обеспечения в целях обеспечения завершения расчетов в платежных системах; 2) открывать клиринговые и торгово-клиринговые счета, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и применимыми Правилами; 3) уведомлять Клирингового участника о внесенных в Договор изменениях и/или дополнениях (в том числе утверждения Договора в новой редакции) в срок и в порядке, предусмотренные Договором; 4) исполнять иные обязательства, предусмотренные применимыми

<p>4.2. Клирингілік қатысушының міндеті:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Клиринг орталығына Қамтамасыз етудің қосалқы шотын ашқаны туралы хабарлама жіберу; 2) МБҚ-ны Қамтамасыз етудің қосалқы шотына және/немесе ұлттық валютадағы ақшаны Клиринг орталығының корреспонденттік шотына есепке алуды қамтамасыз ету; 3) Ережелерге сәйкес айқындалған мөлшерде қамтамасыз етудің болуын қамтамасыз ету; 4) қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда Клиринг орталығының хабарламасы негізінде қажетті мөлшерге дейін қамтамасыз етудің қосымша көлемін Ережелерде қарастырылған мерзімдерде аудару; 5) Клиринг орталығының сұрауы бойынша ол белгілеген мерзімде Ережелерді іске асыру үшін қажетті қосымша құжаттар мен ақпаратты ұсыну; 6) Клирингілік алымдар мен тұрақсыздық айыбы туралы қағиданы қоса алғанда, Клиринг орталығының ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіппен және мөлшерде Клиринг орталығының пайдасына клирингілік алымдар мен өзге де төлемдердің төленуін қамтамасыз ету; 7) өз қызметі барысында Клирингілік орталықты өз клиенттерімен және өзге де үшінші тұлғалармен сот талқылауына тарту мүмкіндігін туғызатын жағдайларға жол бермеу және оған кепілдік беру, аталған тұлғалардың Шарттың мәнінен туындайтын барлық талабын өз бетінше реттеу, олар Клиринг орталығына шағым және/немесе талап қойған жағдайда осындай талапты реттеу бойынша Клиринг орталығына жәрдемдесу, шағымның мәні бойынша ақпарат беру, оларды реттеу жөнінен ұсыныс беру, көрсетілген шағымды Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органы немесе сот қараған кезде өз өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету; 8) қолданымды Ережелерде қарастырылған талаптар мен өзге де міндеттемені сақтау. 	<p>Правилами.</p> <p>4.2. Клиринговый участник обязуется:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) направлять Клиринговому центру уведомление об открытии Субсчета обеспечения; 2) обеспечивать зачисление на Субсчет обеспечения ГЦБ и/или денег в национальной валюте на корреспондентский счет Клирингового центра; 3) обеспечивать наличие обеспечения в размере, определенном в соответствии с Правилами; 4) в сроки, предусмотренные Правилами, предоставлять дополнительный объем обеспечения в случае недостаточности обеспечения до необходимого размера на основании уведомления Клирингового центра; 5) по запросу Клирингового центра в установленный им срок предоставлять дополнительные документы и информацию, необходимые для реализации Правил; 6) обеспечить уплату клиринговых сборов и иных платежей в пользу Клирингового центра, в порядке и размере, предусмотренных внутренними документами Клирингового центра, включая Положение о клиринговых сборах и неустойках; 7) гарантировать и не допускать в процессе своей деятельности ситуаций, создающих возможность вовлечения Клирингового центра в судебные разбирательства со своими клиентами, и иными третьими лицами, самостоятельно урегулировать все претензии указанных лиц, вытекающих из существа Договора, в случае предъявления ими претензий и/или требований к Клиринговому центру оказывать содействие Клиринговому центру по урегулированию таких требований, предоставлять информацию по существу претензии, предложения по их урегулированию, обеспечить участие своих представителей при рассмотрении указанной претензии соответствующим уполномоченным
--	---

<p>4.3. Клирингілік қатысушы осындай қатысушы үшін БААЖ-да есеп айырысу мақсатында ҚРҰБ пайдаланатын қаражатты қайтару жөніндегі міндеттемесін Клирингілік қатысушының орындамағаны туралы ҚРҰБ-ның хабарламасы негізінде Ережелерде және Клиринг орталығының өзге ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Клиринг орталығының қамтамасыз етуді пайдалануға құқылы екенін растайды және оған келісімін білдіреді.</p>	<p>органом Республики Казахстан либо судом;</p> <p>8) соблюдать требования и иные обязательства, предусмотренные применимыми Правилами.</p> <p>4.3. Клиринговый участник подтверждает и выражает согласие с тем, что Клиринговый центр вправе без получения дополнительного согласия использовать обеспечение в порядке, предусмотренном Правилами и иными внутренними документами Клирингового центра, на основании уведомления НБРК о неисполнении Клиринговым участником обязательств по возврату средств, используемых НБРК для расчетов в МСПД за такого участника.</p>
<p>4.4. Клиринг орталығының құқығы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау шеңберінде туындайтын ақпарат пен мәліметті жинау, өңдеу және сақтау; 2) Клирингілік қатысушыдан Ережелерді іске асыру үшін қажетті қосымша құжаттар мен ақпаратты сұрау; 3) ҚРҰБ-ның клирингілік қатысушының БААЖ-да қаражатты өтеу жөніндегі өз міндеттемесін орындамағаны туралы хабарламасының негізінде ҚРҰБ-да осындай қатысушы үшін есеп айырысу аяқталған жағдайда, Клиринг орталығының ережелерінде және басқа да ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіппен клирингілік қатысушының қосымша келісімін алмай қамтамасыз етуді пайдалану; 4) Шартта белгіленген тәртіппен хабардар ете отырып, Ережелерге, Шартқа және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарына біржақты тәртіппен өзгеріс және/немесе толықтыру енгізу (оның ішінде оларды жаңа редакцияда бекіту); 5) Клирингілік алымдар мен тұрақсыздық айыбы туралы қағиданы қоса алғанда, Клиринг орталығының ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіппен және мөлшерде клирингілік қатысушының, оның ішінде клирингілік алымдарды және Клиринг орталығының пайдасына өзге де төлемді төлеу жөніндегі міндеттемесін айқындау; 	<p>4.4. Клиринговый центр вправе:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) собирать, обрабатывать и хранить информацию и сведения, возникающие в рамках приема, учета и контроля достаточности обеспечения в системе обеспечения; 2) запрашивать у Клирингового участника дополнительные документы и информацию, необходимые для реализации Правил; 3) на основании уведомления НБРК о неисполнении Клиринговым участником обязательств по возмещению ему средств в случае завершения НБРК в МСПД расчетов за такого участника, использовать обеспечение без получения дополнительного согласия Клирингового участника, в порядке, предусмотренном Правилами и другими внутренними документами Клирингового центра; 4) в одностороннем порядке вносить изменения и/или дополнения в Правила, Договор (в том числе путем их утверждения в новой редакции) и иные внутренние документы Клирингового центра с информированием об этом в порядке, установленном Договором; 5) определять обязательства Клирингового участника, в том числе по уплате клиринговых сборов и иных платежей в пользу Клирингового центра, в порядке и размере, предусмотренных внутренними документами Клирингового центра, включая Положение о клиринговых

<p>6) Шартта қарастырылған өз міндеттемесін тиісінше орындау мақсатында өзге де ұйымдармен және мекемелермен өзара іс-қимыл жасау;</p> <p>7) Клирингілік қатысушыдан Шарттың талаптарын орындауды талап ету;</p> <p>8) Клирингілік қатысушы қолданымды Ережелерде қарастырылған міндеттемелерді орындамаған кезде Шартты соттан тыс біржақты тәртіппен орындаудан бас тарту;</p> <p>9) рәсімдер және/немесе талаптар өзгерген жағдайда қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдағаны, есепке алғаны және оның жеткіліктілігін бақылағаны үшін белгіленген тарифтердің мөлшерін біржақты тәртіппен өзгерту;</p> <p>10) Клирингілік қатысушыға, клирингілік қатысушының клиентіне, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне халықаралық санкция (тыйым және/немесе шектеу), сондай-ақ клирингілік қатысушының Клиринг орталығымен мәміле жасауына және/немесе оларды орындауына шектеу қоятын немесе тыйым салатын не Клиринг орталығы үшін қандай да бір тәуекелге әкеп соғуы мүмкін өзге де шара қолданылған жағдайда, Шартты соттан тыс біржақты тәртіппен бұзу;</p> <p>11) Шартта және қолданымды Ережелерде қарастырылған өзге де құқықты жүзеге асыруға құқылы.</p>	<p>сборах и неустойках;</p> <p>6) взаимодействовать с иными организациями и учреждениями в целях надлежащего выполнения своих обязательств, предусмотренных Договором;</p> <p>7) требовать от Клирингового участника выполнения условий Договора;</p> <p>8) отказаться от исполнения Договора в одностороннем внесудебном порядке при невыполнении Клиринговым участником обязательств, предусмотренных применимыми Правилами;</p> <p>9) изменять в одностороннем порядке размеры тарифов за прием, учет и контроль обеспечения в системе обеспечения в случае изменения процедур и/или условий;</p> <p>10) в одностороннем внесудебном порядке расторгнуть Договор в случае применения к Клиринговому участнику, клиенту Клирингового участника, его участникам/акционерам и бенефициарным собственникам международных санкций (запретов и/или ограничений), а также иных мер, ограничивающих или запрещающих Клиринговому участнику, заключать/исполнять сделки с Клиринговым центром или которые могут повлечь какие-либо риски для Клирингового центра;</p> <p>11) осуществлять иные права, предусмотренные Договором и применимыми Правилами.</p>
<p>4.5. Клирингілік қатысушының құқығы:</p> <p>1) Клиринг орталығына қолданымды Ережелерге сәйкес есептерді ұсыну туралы сұрау салу жіберу;</p> <p>2) Шарт бойынша орындалмаған міндеттеме болмаған жағдайда, Шартта қарастырылған мерзімде және тәртіппен хабарлама жіберу арқылы Шартты орындаудан соттан тыс біржақты тәртіппен бас тарту;</p> <p>3) Шартта және қолданымды Ережелерде қарастырылған өзге де құқықты іске асыру.</p>	<p>4.5. Клиринговый участник вправе:</p> <p>1) направлять Клиринговому центру запросы о предоставлении отчетов в соответствии с применимыми Правилами;</p> <p>2) отказаться от исполнения Договора в одностороннем внесудебном порядке путем направления уведомления в сроки и порядке, предусмотренных Договором, при условии отсутствия неисполненных обязательств по Договору;</p> <p>3) осуществлять иные права, предусмотренные Договором, и применимыми Правилами.</p>
<p>5. ҚЫЗМЕТ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ</p> <p>5.1. Қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу</p>	<p>5. ПОРЯДОК ОПЛАТЫ УСЛУГ</p> <p>5.1. За прием, учет и контроль достаточности</p>

<p>және оның жеткіліктілігін бақылау үшін Клиринг орталығы Клиринг орталығы бекіткен мөлшерде тариф алады.</p> <p>5.2. Клиринг орталығы ай сайын, айдың бесінші күнінен кешіктірмей, қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау үшін шот-фактура жібереді..</p> <p>5.3. Клирингтік қатысушы ай сайын Клиринг орталығы көрсеткен қызметтердің ақысын ұсынылған шот-фактура негізінде оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлейді.</p>	<p>обеспечения Клиринговый центр взимает тариф в размере, утвержденном Клиринговым центром.</p> <p>5.2. Клиринговый центр ежемесячно, не позднее пятого числа месяца, выставляет счета-фактуры за прием, учет и контроль обеспечения.</p> <p>5.3. Клиринговый участник ежемесячно осуществляет оплату услуг Клирингового центра на основании выставленного счета-фактуры в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня его получения.</p>
<p>6. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ</p> <p>6.1. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Тараптың өз міндеттемесін орындауы мүмкін болмауына әкеп соққан немесе орындауына кедергі келтіретін және көрсетілген табиғи апатқа сілтеме жасайтын Тараптың бас кеңсесі орналасқан жерде болып жатқан табиғи апат, жер сілкінісі, су тасқыны, сел, өрт және өзге де табиғи апат; 2) Тараптардың өз міндеттемесін орындай алмауына әкеп соққан немесе орындауына кедергі келтіретін және осы тармақта көрсетілген уақиғаларға сілтеме жасайтын Тараптың бас кеңсесі (бас банк, штаб-пәтер және т.б.) орналасқан жерде болып жатқан соғыс, кез келген сипаттағы әскери іс-қимыл, блокада, террористік акті, төңкеріс, халықтың толқуы, ереуіл, локаут; 3) мемлекеттік органдар белгілеген эмбарго, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тыйым мен шектеу, оның ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген бөлігінде төтенше жағдайдың енгізілуі, оған қоса карантиннің жариялануы, уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың актілері, заңды бұғаттау немесе Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттердің заңнамасына енгізілген, Тараптың Шарт бойынша өз міндеттемесін орындауын мүмкін етпейтін немесе орындауға кедергі келтіретін өзгерістер, сондай-ақ осы 	<p>6. ОБСТОЯТЕЛЬСТВА НЕПРЕОДОЛИМОЙ СИЛЫ</p> <p>6.1. Под обстоятельствами непреодолимой силы понимаются:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) природные катастрофы, землетрясения, наводнения, сели, пожары и иные стихийные бедствия, повлекшие невозможность исполнения или препятствующие исполнению Стороной своих обязательств и происходящие в месте нахождения головного офиса Стороны, ссылающейся на указанные стихийные бедствия; 2) война, военные действия любого характера, блокада, террористические акты, революции, народные волнения, забастовки, локауты, повлекшие невозможность исполнения или препятствующие исполнению Стороной своих обязательств и происходящие в местонахождении головного офиса (главного банка, штаб-квартиры и т.д.) Стороны, ссылающейся на указанные в настоящем пункте события; 3) эмбарго, установленные государственными органами, запреты и ограничения, установленные нормативными правовыми актами Республики Казахстан, в том числе введение чрезвычайного положения на территории Республики Казахстан или отдельных ее частях, актов уполномоченных государственных органов и местных исполнительных органов, в том числе объявления карантина, правомерные блокировки или изменение законодательства Республики Казахстан, в том числе других, помимо Республики Казахстан, государств, повлекшие

<p>тармақта көрсетілген оқиғаларға сілтеме жасайтын Тараптың бас кеңсесі орналасқан жерде орын алатын өзге де жағдайлар;</p> <p>4) қызметі Клиринг орталығының Шарт бойынша өз міндеттемесін орындауына елеулі әсер етуі мүмкін инфрақұрылым субъектілерінің бағдарламалық-техникалық құралдарының жарамсыздығы;</p> <p>5) қызмет көрсететін банктердің жұмыс істеуін уақытша тоқтата тұру немесе толық тоқтату, сондай-ақ туындауы Тараптың Шарт бойынша өз міндеттемесін орындауын мүмкін етпейтін немесе орындауына кедергі келтіретін және осы тармақта көрсетілген уақиғаларға сілтеме жасайтын Тараптың бас кеңсесі орналасқан жерде болатын өзге де жағдайлар түсініледі.</p> <p>6.2. Бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етілген немесе Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінен, уәкілетті органдардың және жергілікті атқарушы органдардың актілерінен туындаған жағдайларды қоспағанда, тиісті мемлекеттің құзыретті органының (ұйымының) құжаты Шарттың 6.1-тармағының 1)–3) тармақшаларында көрсетілген еңсерілмейтін күш жағдайларының басталу фактісін және олардың қолданылу ұзақтығын растайтын құжат болып табылады.</p> <p>6.3. Шарттың 6.1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген еңсерілмейтін күш жағдайларының басталу фактісін және оның қолданылу ұзақтығын растайтын құжат Клиринг орталығының бірінші басшысы қол қойған анықтама немесе Клиринг орталығының тиісті қорытындысы болып табылады.</p> <p>Клиринг орталығы анықтаманы Шарттың 6.1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген жағдай туындаған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынуға тиіс.</p> <p>6.4. Клирингтік қатысушы еңсерілмейтін күш жағдайының басталғаны, оның қолданылуының болжамды мерзімі және оның тоқтатылғаны туралы Клиринг орталығын дереу хабардар етуге міндетті.</p> <p>6.5. Егер бұл екінші Тараптың Шарт бойынша</p>	<p>невозможность исполнения или препятствующие исполнению Стороной своих обязательств по Договору и происходящие в месте нахождения головного офиса Стороны, ссылающейся на указанные в настоящем пункте события;</p> <p>4) неисправность программно-технических средств субъектов инфраструктуры, чья деятельность может существенно влиять на выполнение Клиринговым центром своих обязательств по Договору;</p> <p>5) временное приостановление или полное прекращение функционирования обслуживающих банков, а также иные обстоятельства, возникновение которых влечет невозможность исполнения или препятствует исполнению обязательств Стороной по Договору и происходящие в местонахождении головного офиса Стороны, ссылающейся на указанные в настоящем пункте события.</p> <p>6.2. Документом, подтверждающим факт наступления обстоятельства непреодолимой силы из тех, которые указаны в подпунктах 1)–3) пункта 6.1 Договора, и длительность их действия, является документ компетентного органа (организации) соответствующего государства, за исключением обстоятельств, широко освещенных в средствах массовой информации, или возникших из нормативных правовых актов Республики Казахстан, актов уполномоченных органов и местных исполнительных органов.</p> <p>6.3. Документом, подтверждающим факт наступления обстоятельства непреодолимой силы, которое указано в подпункте 4) пункта 6.1 Договора, и длительность его действия, является справка, подписанная первым руководителем Клирингового центра, или соответствующее заключение Клирингового центра.</p> <p>Справка должна быть представлена Клиринговым центром в течение 7 (семи) рабочих дней с момента возникновения обстоятельства, указанного в подпункте 4) пункта 6.1 Договора.</p> <p>6.4. Клиринговый участник обязан незамедлительно известить Клиринговый центр о наступлении обстоятельства непреодолимой силы, предполагаемом</p>
---	--

<p>өз міндеттемесін орындамауынан немесе Шарт бойынша Тараптардың қарым-қатынасын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған болса, Тарап Шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.</p>	<p>сроке его действия и его прекращения.</p> <p>6.5. Сторона не несет ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение своих обязательств по Договору, если это было вызвано неисполнением другой Стороной своих обязательств по Договору или предусмотренных законодательством Республики Казахстан, регулирующими отношения Сторон по Договору.</p>
<p align="center">7. ҚҰПИЯ АҚПАРАТ</p> <p>7.1. Клиринг орталығына Шартқа қосылу туралы өтініш бере отырып, Клирингтік қатысушы Клиринг орталығына Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында қарастырылған жағдайларда және тәртіппен Клирингтік қатысушы ұсынатын және коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны (бұдан әрі – Құпия ақпарат) құрайтын ақпаратты жария етуге өзінің сөзсіз келісімін береді.</p> <p>7.2. Клирингтік қатысушы жоғарыда көрсетілген келісімге байланысты, оның ішінде Шартқа қосылатын сәтте және болашақта зияткерлік меншік құқығын, сондай-ақ мүлктік талаптарды бұзу туралы оның Клиринг орталығына наразылығы жоқ екенін растайды және және болмайтынын кепілдік береді, сондай-ақ Клиринг орталығы Құпия ақпаратты жария еткені үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес жауап бермейтініне келіседі.</p>	<p align="center">7. КОНФИДЕНЦИАЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИЯ</p> <p>7.1. Предоставляя Клиринговому центру Заявление о присоединении к Договору, Клиринговый участник тем самым предоставляет Клиринговому центру свое безусловное согласие на раскрытие информации, предоставляемой Клиринговым участником и составляющей коммерческую, банковскую и иную охраняемую законом тайну (далее – Конфиденциальная информация), в случаях и порядке, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и внутренними документами Клирингового центра.</p> <p>7.2. Клиринговый участник подтверждает и гарантирует, что в связи с указанным выше согласием он не имеет и не будет иметь к Клиринговому центру претензий, в том числе о нарушении прав на интеллектуальную собственность, а также имущественных претензий как на момент присоединения к Договору, так и в будущем, а также соглашается с тем, что Клиринговый центр не несет перед ним ответственности за раскрытие Конфиденциальной информации в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан и внутренних документов Клирингового центра.</p>
<p align="center">8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ</p> <p>8.1. Шарт бойынша міндеттемесін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Клирингтік қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасына және қолданымды Ережелерге сәйкес мүлктік жауаптылықта болады.</p> <p>8.2. Клиринг орталығының жауапкершілігі қолданымды Ережелерде көрсетілген қағидалармен шектеледі.</p> <p>8.3. Клиринг орталығы:</p> <p>1) өзі қабылдаған бақылау шеңберінен тыс орын алған қандай да бір залал</p>	<p align="center">8. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН</p> <p>8.1. За неисполнение и/или ненадлежащее исполнение обязательств по Договору Клиринговый участник несет имущественную ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан, и применимыми Правилами.</p> <p>8.2. Ответственность Клирингового центра ограничивается положениями, указанными в применимых Правилах.</p> <p>8.3. Клиринговый центр не несет ответственности:</p>

<p>немесе шығын үшін;</p> <p>2) КЖ/ТҚҚ шеңберінде тоқтатып қою процедурасын қолдануға байланысты туындаған қандай да бір залал немесе шығын үшін;</p> <p>3) Шарттың ережелеріне сәйкес Шартқа енгізілген өзгеріспен және/немесе толықтырумен уақытылы таныспауының салдары үшін жауап бермейді.</p> <p>8.4. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайлары орнауының салдарынан болған Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін осындай мән-жайлардың қолданылу уақытында жауапкершіліктен босатылады. Егер еңсерілмейтін күш жағдайларының қолданылу ұзақтығы күнтізбелік 30 күннен асатын болса, Тараптар бұл туралы екінші Тарапты Шартты бұзудың жоспарланған күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 күн бұрын хабардар ете отырып, Шартты бұзуға құқылы.</p> <p>8.5. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Клирингілік қатысушыны Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.</p> <p>8.6. Клирингілік қатысушы тарифтерді уақытылы төлемеген жағдайда Клиринг орталығы тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы, ал Клирингілік қатысушы мерзімі өткен әр күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,2% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.</p> <p>8.7. Клирингілік қатысушының тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Клиринг орталығынан Шарт бойынша міндеттеменің орындалмағаны туралы тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.</p> <p>8.8. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, сондай-ақ үшінші тұлғаға, оның ішінде Клиринг орталығына беруге келісімнің болмағаны үшін жауапкершілік Клирингілік қатысушыға жүктеледі. Клирингілік қатысушы дербес деректер субъектілерінің олардың дербес деректерін трансшекаралық беруді жүзеге асыруға келісімдерінің болмағаны үшін жауапты болады. Клиринг орталығына Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзғаны үшін қандай да бір шара қолданылған жағдайда, Клирингілік қатысушы Клиринг орталығының талабы бойынша Клиринг орталығы шеккен кез</p>	<p>1) за какие-либо убытки или потери, которые возникли вне принятых им рамок контроля;</p> <p>2) за какие-либо убытки или потери, которые возникли связи с применением процедуры замораживания в рамках ПОД/ФТ;</p> <p>3) за последствия несвоевременного ознакомления с изменения и/или дополнениями в Договор в соответствии с положениями Договора.</p> <p>8.4. Стороны освобождаются от ответственности за частичное или полное неисполнение обязательств по Договору, которое явилось следствием возникновения обстоятельств непреодолимой силы, на время действия таких обстоятельств. Если длительность действия обстоятельств непреодолимой силы составит более 30 календарных дней, Стороны вправе расторгнуть Договор, уведомив об этом другую Сторону не менее чем за 10 календарных дней до планируемой даты расторжения Договора.</p> <p>8.5. Оплата суммы неустойки (штрафа, пени) не освобождает Клирингового участника от исполнения своих обязательств по Договору.</p> <p>8.6. В случае несвоевременной оплаты Клиринговым участником тарифов Клиринговый центр вправе начислить неустойку, а Клиринговый участник обязан уплатить такую неустойку в размере 0,2 % от суммы просроченного платежа за каждый день просрочки.</p> <p>8.7. Срок уплаты Клиринговым участником неустойки (штрафа, пени) составляет 5 (пять) рабочих дней с даты получения соответствующего уведомления о неисполнении обязательств по Договору от Клирингового центра.</p> <p>8.8. Ответственность за отсутствие согласий на сбор и обработку, а также передачу персональных данных третьему лицу, в том числе Клиринговому центру, возлагается на Клирингового участника. Клиринговый участник несет ответственность за отсутствие согласий субъектов персональных данных на осуществление трансграничной передачи их персональных данных. В случае применения к Клиринговому центру каких-либо мер за нарушение законодательства Республики Казахстан о персональных</p>
---	---

<p>келген шығыс пен залалды Клиринг орталығына өтеуге міндеттенеді.</p>	<p>данных и их защите Клиринговый участник обязуется возместить Клиринговому центру, по требованию Клирингового центра, любые, понесенные Клиринговым центром расходы и убытки.</p>
<p style="text-align: center;">9. ХАБАРЛАМА</p> <p>9.1. Шартта қарастырылған барлық хабарлама мен өзге де хабар жазбаша түрде жасалуға және екінші Тараптың орналасқан мекенжайы бойынша немесе Клирингілік қатысушының электрондық поштасының clearing@kase.kz мекенжайы бойынша және мекенжайы Шартқа қосылу туралы етініште көрсетілген электрондық поштасы бойынша жеткізілуге тиіс, осы хабарламаның немесе хабардың түпнұсқасы электрондық пошта арқылы жіберілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде екінші Тараптың орналасқан мекенжайы бойынша кейін жеткізілуге тиіс.</p> <p>9.2. Екінші Тараптың орналасқан мекенжайы бойынша немесе электрондық пошта арқылы жазбаша түрде жеткізілген кез келген хабарлама немесе өзге де хабар адресатқа ол жеткізілген күннен бастап бірінші жұмыс күні барлық жағдайда тиісінше берілген, жіберілген, алынған немесе жеткізілген болып есептеледі.</p> <p>Хабарламаны немесе өзге де хабарды жазбаша түрде жеткізу осындай жеткізу туралы түбіртекпен және жіберушінің қолымен, ал электрондық пошта арқылы жеткізу жөнелтілгені туралы растаумен расталуға тиіс.</p>	<p style="text-align: center;">9. УВЕДОМЛЕНИЯ</p> <p>9.1. Все уведомления и иные сообщения, предусмотренные Договором, должны быть составлены в письменном виде и доставлены по адресу местонахождения другой Стороны или по адресу электронной почты clearing@kase.kz и по электронной почте Клирингового участника, адрес которого указан в Заявлении о присоединении к Договору, с последующей доставкой оригинала этого уведомления или сообщения по адресу местонахождения другой Стороны в течение трех рабочих дней со дня его направления по электронной почте.</p> <p>9.2. Любое уведомление или иное сообщение, доставленное в письменном виде по адресу местонахождения другой Стороны или по электронной почте, считается должным образом переданным, отправленным, полученным или доставленным во всех случаях в первый рабочий день со дня его доставки адресату.</p> <p>Доставка уведомления или иного сообщения в письменном виде должна быть подтверждена квитанцией о такой доставке и подписью посыльного, а доставка по электронной почте – подтверждением об отправке.</p>
<p style="text-align: center;">10. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ДЕРБЕС ДЕРЕК</p> <p>10.1. Шарт бойынша өз міндеттемесін орындайтын кезде Тараптар және/немесе олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылық беру мақсатында немесе өзге де заңсыз мақсатта осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаға тікелей немесе жанама түрде ақша немесе құнды зат төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.</p> <p>10.2. Шарт бойынша өз міндеттемесін орындайтын кезде Тараптар және/немесе олардың жұмыскерлері Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты сараланатын іс-әрекеттерді,</p>	<p style="text-align: center;">10. АНТИКОРРУПЦИОННЫЕ УСЛОВИЯ И ПЕРСОНАЛЬНЫЕ ДАННЫЕ</p> <p>10.1. При исполнении своих обязательств по Договору Стороны и/или их работники не выплачивают, не предлагают выплатить и не разрешают выплату денег или иных ценностей, прямо или косвенно, любым лицам, для оказания влияния на действия или решения этих лиц с целью получить какие-либо неправомерные преимущества или иные неправомерные цели.</p> <p>10.2. При исполнении своих обязательств по Договору Стороны и/или их работники не осуществляют действия, квалифицируемые применимым для целей Договора законодательством Республики Казахстан, как дача/получение взятки, коммерческий подкуп, а также действия, нарушающие требования законодательства Республики Казахстан о</p>

<p>сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.</p> <p>10.3. Тараптардың әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір түрде, оның ішінде ақша, сыйлық беру, олардың атына жұмысты (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және осы тармақта аталмаған, жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекетті орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.</p> <p>10.4. Тараптың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір талаптың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдігі болған жағдайда, тиісті Тарап 5 (бес) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді. Жазбаша хабардар етуден кейін тиісті Тарап бұзушылық болмағанын немесе болмайтынын растауды алғанға дейін Шарт бойынша міндеттеменің орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Бұл растау жазбаша ескерту хаты жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс.</p> <p>10.5. Шартқа қол қою арқылы Тараптардың әрқайсысы Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес екінші Тараптың екінші Тарапқа беретін олардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге жеке тұлғалардың (өз жұмыскерлерінің/уәкілетті тұлғаларының) тиісті түрде ресімделген қажетті келісімдері бар екеніне кепілдік береді. Бұл ретте әрбір Тарап өзіне екінші Тараптан не оның жұмыскерлерінен/уәкілетті тұлғаларынан келіп түсетін олардың дербес деректерінің құпиялығы мен қауіпсіздігін, сондай-ақ оларды Шартты орындау мақсатында және соған байланысты өңдейтін кезде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері жөніндегі заңнамасының талаптарына сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндеттенеді. Сондай-ақ Тараптың екінші Тараптан немесе оның жұмыскерлерінен/уәкілетті тұлғаларынан алынған олардың дербес деректерін Шарт бойынша өз міндеттемесін орындауға байланысты емес мақсатта пайдалануға, сондай-ақ Шарт бойынша алынған екінші Тарап жұмыскерлерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректерін Шарт</p>	<p>противодействию коррупции.</p> <p>10.3. Каждая из Сторон отказывается от стимулирования каким-либо образом работников другой Стороны, в том числе путем предоставления денег, подарков, безвозмездного выполнения в их адрес работ (услуг) и другими, не поименованными в настоящем пункте способами, ставящего работника в определенную зависимость, и направленного на обеспечение выполнения этим работником каких-либо действий в пользу стимулирующей его Стороны.</p> <p>10.4. В случае возникновения у Стороны подозрений, что произошло или может произойти нарушение каких-либо антикоррупционных условий, соответствующая Сторона в течение 5 (пяти) рабочих дней обязуется уведомить другую Сторону в письменной форме. После письменного уведомления соответствующая Сторона имеет право приостановить исполнение обязательств по Договору до получения подтверждения, что нарушения не произошло или не произойдет. Это подтверждение должно быть направлено в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты направления письменного уведомления.</p> <p>10.5. Подписанием Договора каждая из Сторон гарантирует, что обладает необходимыми надлежаще оформленными согласиями физических лиц (своих работников/уполномоченных лиц) на сбор и обработку другой Стороной их персональных данных, передаваемых другой Стороне, согласно положениям законодательства Республики Казахстан и обязана предоставить указанное согласие по первому требованию другой Стороны. При этом каждая Сторона обязуется обеспечить конфиденциальность и безопасность персональных данных работников/уполномоченных лиц другой Стороны, поступающих к ней от них либо от самой Стороны, и безопасность при их обработке для целей и в связи с исполнением Договора в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан по вопросам защиты персональных данных. Также Сторона не имеет права использовать персональные данные работников/уполномоченных лиц другой Стороны, полученные от них или от указанной Стороны, в целях, не связанных с исполнением своих обязательств по</p>
---	--

<p>бойынша өз міндеттемесін орындауға байланысты емес мақсатта қандай да бір үшінші тұлғаға кез келген тәсілмен беруге құқығы жоқ. Тарап осындай дербес деректерді оларды өңдеу мақсаты талап ететін мерзімнен артық сақтамауға және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескере отырып, өңдеу мақсатына қол жеткізілгеннен кейін немесе оларға қол жеткізу қажеттілігі жойылған жағдайда оларды жоюға, сондай-ақ Шартты орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасының өзге де талабын орындауға міндеттенеді..</p>	<p>Договору, и каким-либо образом передавать полученные по Договору персональные данные работников/уполномоченных лиц другой Стороны любым третьим лицам в целях, не связанных с исполнением своих обязательств по Договору, обязуется хранить эти персональные данные не дольше, чем этого требуют цели их обработки, и уничтожать их по достижении целей обработки или в случае утраты необходимости в их достижении, с учетом требований законодательства Республики Казахстан, выполнять иные требования законодательства Республики Казахстан о защите персональных данных в рамках исполнения Договора.</p>
<p align="center">11. ДАУДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ</p> <p>11.1. Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемесін орындауына байланысты Клиринг орталығы мен Клирингілік қатысушы арасында пайда болуы мүмкін дау мен келіспеушілік келіссөз жүргізу арқылы шешілуге тиіс.</p> <p>Егер Тараптар келіссөз жүргізу арқылы келісімге қол жеткізе алмаса, реттелмеген дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.</p>	<p align="center">11. ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ</p> <p>11.1. Споры и разногласия между Клиринговым центром и Клиринговым участником, возникающие в связи с исполнением обязательств по Договору Сторонами, подлежат разрешению путем переговоров.</p> <p>В случае если Стороны не достигнут соглашения путем переговоров, неурегулированный спор подлежит разрешению в соответствии с законодательством Республики Казахстан.</p>
<p align="center">12. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ</p> <p>12.1. Шарт Шартқа қосылу туралы өтінішті Клиринг орталығы алған күннен бастап күшіне енеді және белгіленбеген уақыт қолданылады.</p> <p>12.2. Клиринг орталығы осы Шартқа өзгеріс және/немесе толықтыру енгізуге немесе оған қосымшаларды қоса алғанда, тұтастай алғанда Шартты жаңа редакцияда баяндауға, тарифтердің мөлшерін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Клиринг орталығы Клирингілік қатысушыны тиісті өзгеріс және/немесе толықтыру туралы Шарттың жаңа редакциясына енгізілген осындай өзгеріс және/немесе толықтыру қолданысқа енгізілетін күннен кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын www.kacc.kz интернет-ресурсында жариялау арқылы хабардар етеді.</p> <p>12.3. Егер Клирингілік қатысушы жарияланған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Шарттың 12.2-тармағында көрсетілген Шарттың өзгерісімен және/немесе толықтыруымен/тұтастай алғанда Шарттың жаңа редакцияда баяндалуымен, жаңа тарифтердің мөлшерімен келіспеуіне</p>	<p align="center">12. СРОК ДЕЙСТВИЯ ДОГОВОРА. ПОРЯДОК ИЗМЕНЕНИЯ И РАСТОРЖЕНИЯ ДОГОВОРА</p> <p>12.1. Договор вступает в силу с даты получения Клиринговым центром Заявления о присоединении к Договору и действует неопределенное время.</p> <p>12.2. Клиринговый центр вправе вносить изменения и/или дополнения в настоящий Договор или излагать Договор в новой редакции в целом, включая приложения к нему, изменять размер тарифов в одностороннем порядке. Клиринговый центр уведомляет Клирингового участника о соответствующих изменениях и/или дополнениях путем публикации на интернет-ресурсе www.kacc.kz не позднее, чем за 7 (семь) календарных дней до введения в действия таких изменений и/или дополнений в Договор, новой редакции Договора и/или изменения тарифов.</p> <p>12.3. В случае, если Клиринговый участник в течение 5 (пяти) календарных дней со дня публикации, указанной в пункте 12.2 Договора, не представил в Клиринговый центр уведомления об отказе от дальнейшего исполнения Договора в связи с несогласием с изменениями и/или</p>

<p>байланысты Клиринг орталығына Шартты одан әрі орындаудан бас тарту туралы хабарлама бермесе және/немесе Шарт бойынша Клиринг орталығы ұсынатын қызметтерді пайдалануды жалғастырса, Клирингілік қатысушының көрсетілген өзгерістерге/және/немесе толықтыруларға немесе Шарттың жаңа редакциясына келісетінін білдіреді.</p> <p>12.4. Шартты тоқтату негіздері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Клиринг орталығының Клирингілік қатысушыны клирингілік қатысушы мәртебесінен айыру туралы шешім қабылдауы; 2) клирингілік қатысушыны төлем жүйесіне қатысушылар тізімінен шығару; 3) бір Тарап басқа Тараптан Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарлама алған жағдайда, егер хабарламада өзгеше мерзім көрсетілмесе және Тараптардың орындалмаған міндеттемесі болмаған және Қолданымды Ережелерде қарастырылған талаптар сақталған жағдайда; 4) Шартта және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де негіздер бойынша; <p>12.5. Шартты бұзу Тараптарды Шарт бұзылғанға дейін туындаған міндеттемені орындаудан босатпайды.</p> <p>12.6. Барлық түпкілікті өзара есеп айырысу жүргізілгеннен және барлық даулы мәселе реттелгеннен кейін ғана Шарт бұзылды және Тараптардың міндеттемесі тоқтатылды деп есептеледі.</p>	<p>дополнениями в Договор/ изложением Договора в новой редакции в целом, с новыми размерами тарифов и/или продолжает пользоваться услугами, предоставляемыми Клиринговым центром по Договору, означает согласие Клирингового участника с указанными изменениями/ и/или дополнениями либо с новой редакцией Договора .</p> <p>12.4. Основания прекращения Договора:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) принятие Клиринговым центром решения о лишении Клирингового участника статуса клирингового участника; 2) исключение Клирингового участника из участников платежной системы; 3) в случае получения одной Стороной уведомления от другой Стороны об одностороннем отказе от исполнения Договора, если иной срок не указан в самом уведомлении, и при условии отсутствия неисполненных обязательств у Сторон и соблюдения требований, предусмотренных Применимыми правилами; 4) по иным основаниям, предусмотренным Договором и (или) законодательством Республики Казахстан; <p>12.5. Расторжение Договора не освобождает Стороны от исполнения обязательств, возникших до расторжения Договора.</p> <p>12.6. Договор считается расторгнутым и обязательства Сторон прекращенными только после проведения всех окончательных взаиморасчетов и урегулирования всех спорных вопросов.</p>
<p style="text-align: center;">13. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР</p> <p>13.1. Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Клирингілік қатысушы Шартқа енгізілген өзгерістерге және/немесе толықтыруларға қосылуға немесе Шартты тұтастай жаңа редакцияда баяндауға өз келісімін береді және Клирингілік қатысушының Клиринг орталығының интернет-ресурсын қарау арқылы оған қосымшаларды қоса алғанда, Шарт редакциясының өзгеруін дербес қадағалап отыратынымен келіседі.</p> <p>13.2. Клирингілік қатысушының Шарт бойынша барлық құқығы мен міндеті Клиринг орталығының жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға берілмейді.</p> <p>13.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.</p> <p>13.4. Шарт Қазақстан Республикасының</p>	<p style="text-align: center;">13. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ</p> <p>13.1. Подписанием Заявления о присоединении к Договору Клиринговый участник дает свое согласие на присоединение к изменениям и/или дополнениям в Договор или изложение Договора в новой редакции в целом, и согласен с тем, что Клиринговый участник самостоятельно отслеживает изменение редакции Договора, включая приложения к нему, посредством просмотра интернет-ресурса Клирингового центра.</p> <p>13.2. Права и обязанности Клирингового участника по Договору не могут быть переданы третьим лицам без письменного согласия Клирингового центра.</p> <p>13.3. Договор регулируется законодательством Республики Казахстан.</p> <p>13.4. Договор разработан в соответствии с</p>

<p>заңнамасына және Клиринг орталығының клиринг қызметіне жататын Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.</p>	<p>законодательством Республики Казахстан и внутренними документами Клирингового центра, относящимися к клиринговой деятельности Клирингового центра.</p>
<p>13.5. Клирингілік қатысушы Клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Клирингілік қатысушының, оның ішінде Клиринг орталығының пайдасына клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемесін айқындау құқығымен танысқанын және онымен келісетінін растайды.</p>	<p>13.5. Клиринговый участник подтверждает, что ознакомлен и согласен с правом Клирингового центра определять обязательства Клирингового участника, в том числе по уплате клиринговых сборов в пользу Клирингового центра, в порядке, установленном внутренними документами Клирингового центра.</p>
<p>13.6. Клирингілік қатысушы өзіне, оның клиенттеріне, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне қарсы халықаралық санкциялық тәртіпте қарастырылған шектеу мен тыйым салу қолданылмағанына кепілдік береді және оны растайды, сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыру барысында АҚШ-тың, Еуропалық одақтың, Ұлыбританияның және қолданылатын өзге де заңнаманың халықаралық санкциялар тәртібін сақтайтынына, Шартты жасасуға және/немесе орындауға кедергі/шектеу жоқ екеніне кепілдік береді. Клирингілік қатысушыға, оның клиенттеріне, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне халықаралық санкция қолданылған жағдайда, осы негіз бойынша Шарт мерзімінен бұрын біржақты бұзылған кезде Клирингілік қатысушының Клиринг орталығына қандай да бір наразылығы болмайды.</p>	<p>13.6. Клиринговый участник гарантирует и заверяет, что против него, его клиентов, его участников/акционеров и бенефициарных собственников не применены ограничения и запреты, предусмотренные международным санкционным режимом, а также гарантирует, что в ходе осуществления своей деятельности соблюдает режим международных санкций США, Европейского союза, Великобритании и иных применимых законодательств, не имеет препятствий/ограничений на заключение и/или исполнение Договора. В случае применения к Клиринговому участнику, его клиентам, его участникам/акционерам и бенефициарным собственникам международных санкций, Клиринговый участник не будет иметь каких-либо претензий к Клиринговому центру в случае досрочного одностороннего расторжения Договора по данному основанию.</p>
<p>13.7. Шарттың бір бөлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған жағдайда, онда осы факт Шартты тұтастай алғанда және/немесе оның жекелеген бөлігін автоматты түрде жарамсыз деп тануға әкеп соқпайды.</p>	<p>13.7. В случае если одна из частей Договора будет в установленном законодательством Республики Казахстан порядке признана недействительной, то данный факт не влечет автоматического признания недействительными всего Договора в целом и/или отдельных его частей.</p>
<p>13.8. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіні әртүрлі оқылған жағдайда, Шарттың талаптарын түсіндіретін кезде Шарттың орыс тіліндегі мәтінінде жазылған талаптар басым күшке ие болады.</p>	<p>13.8. Договор составлен на государственном и русском языках. В случае разночтения Договора на государственном и русском языках, преимущественную силу при толковании условий Договора имеют условия, изложенные в тексте Договора на русском языке.</p>
<p>13.9. Шарттың ережелерімен реттелмеген өзге де мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.</p>	<p>13.9. Иные вопросы, не урегулированные положениями Договора, разрешаются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.</p>

Төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуы үшін қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау ережелерінің

2-қосымшасы

[өтініштің шығыс нөмірі мен күні көрсетілген фирмалық бланкіде]

"KASE клиринг орталығы" АҚ

<p>Төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуы үшін қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау шеңберінде клирингтік қызмет көрсету туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) қосылу туралы</p> <p style="text-align: center;">ӨТІНІШ</p>	<p style="text-align: center;">ЗАЯВЛЕНИЕ</p> <p>о присоединении к Договору о клиринговом обслуживании в рамках приема, учета и контроля достаточности обеспечения для завершения расчетов в платежных системах (далее-Договор).</p>
<p>Осы өтінішке қол қоя отырып, Клиринг орталығымен жасалатын "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі Клиринг орталығы) интернет–ресурсында орналастырылған Шартқа тұтастай қосылатынымыз туралы мәлімдейміз.</p>	<p>Подписывая настоящее Заявление, заявляем о присоединении к Договору в целом, размещенном на интернет-ресурсе АО "Клирингового центра KASE" (далее – Клиринговый центр), заключаемому с Клиринговым центром.</p>
<p>Осы өтінішке қол қоя отырып, төмендегіні мәлімдейміз:</p>	<p>Подписывая настоящее Заявление, заявляем, что:</p>
<ul style="list-style-type: none"> – Төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуы үшін қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау ережелерімен (бұдан әрі – Ережелер), Қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру ережелерімен (бұдан әрі – Клирингтік ережелері), Клирингтік қатысушылар туралы қағидамен, Клирингтік алымдар мен тұрақсыздық айыбы туралы қағидамен және Клиринг орталығының қызметіне қатысты Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарымен (бұдан әрі бірлесіп қолданымды Ережелер деп аталады) таныстық; – қолданымды Ережелерде белгіленген барлық шартпен және талаппен келісеміз және осы шарттар мен талаптарды сақтауға, сондай-ақ оларды бұзғанымыз үшін толық жауап беруге міндеттенеміз; – егер біз кейін өзгеше мәлімдемесек, қолданымды Ережелерге кейіннен енгізілген барлық өзгерісті және/немесе толықтыруды немесе олардың жаңа редакцияда баяндалуын және Клиринг орталығының қызметіне қатысты Клиринг орталығының 	<ul style="list-style-type: none"> – ознакомлены с Правилами приема, учета и контроля достаточности обеспечения для завершения расчетов в платежных системах (далее – Правила), Правилами осуществления клиринговой деятельности по сделкам с финансовыми инструментами (далее – Правила клиринга), Положением о клиринговых участниках, Положением о клиринговых сборах и неустойках и иными внутренними документами Клирингового центра, относящимися деятельности Клирингового центра (далее совместно именуемые – применимые Правила); – безусловно согласны со всеми условиями и требованиями, установленными применимыми Правилами, и обязуемся соблюдать эти условия и требования, а также нести полную ответственность за их нарушение; – принимаем все внесенные впоследствии изменения и/или дополнения в применимые Правила или изложение их в новой редакции и иные внутренние документы Клирингового центра, относящиеся к деятельности Клирингового центра, если иное не будет

Төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуы үшін қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау ережелері

өзге де ішкі құжаттарын қабылдаймыз.	нами заявлено позже.
Осы Өтінішке қол қоя отырып, Клиринг орталығы осы Өтінішті қабылдаған күннен бастап Клиринг орталығымен Шарт жасалған болып есептелетіні туралы талаппен келісетінімізді мәлімдейміз.	Подписывая настоящее Заявление, заявляем, что согласны с условием о том, что Договор считается заключенным с Клиринговым центром с даты принятия Клиринговым центром настоящего Заявления.
Осы Өтінішке қол қоя отырып, Шарттың мынадай талаптарымен танысқанымызды және келісетінімізді мәлімдейміз:	Подписывая настоящее Заявление, заявляем, что ознакомлены и согласны со следующими условиями Договора:
<ul style="list-style-type: none"> – Шарт Клиринг орталығы мен Клирингілік қатысушының клиенттері арасындағы қатынасты реттемейді; – Клирингілік қатысушы төлем жүйесі бойынша міндеттемені орындауға және/немесе тоқтатуға, сондай-ақ қолданымды Ережелердің қағидаларын қолдануға байланысты қандай да бір мәселе орын алған кезде өз клиенттерінің алдында дербес (Клиринг орталығын тартпай) жауапты болады. 	<ul style="list-style-type: none"> – Договор не регулирует отношения между Клиринговым центром и клиентами Клирингового участника; – Клиринговый участник несет самостоятельно (без привлечения Клирингового центра) ответственность перед своими клиентами при возникновении каких-либо вопросов, связанных с исполнением и/или прекращением обязательств в платежной системе, а также применения положений применимых Правил.
Біз кейін өзгеше мәлімдемесек, Клирингілік қатысушы Шартқа енгізілген өзгерістерге және/немесе толықтыруларға қосылуға немесе Шартты тұтастай жаңа редакцияда баяндауға өз келісімін береді және Клиринг орталығының интернет-ресурсында орналастырылған Шарттың, оған қоса оның қосымшаларының редакциясының өзгеруін өз бетінше қадағалап отыратынымен келіседі.	Клиринговый участник дает свое согласие на присоединение к изменениям и/или дополнениям в Договор или изложение Договора в новой редакции в целом, если иное не будет нами заявлено позже, и согласен с тем, что он самостоятельно отслеживает изменение редакции Договора, включая приложения к нему, размещенной на интернет-ресурсе Клирингового центра.

Клирингілік қатысушы / Клиринговый участник:

жарғыға және заңды тұлғаның әділет органдарында жүргізілген тіркеуге (қайта тіркеуге) сәйкес Клирингілік қатысушының толық және қысқартылған атауын орыс тілінде көрсетіңіз] / указать полное и сокращенное наименование Клирингового участника на русском языке в соответствии с уставом и произведенной регистрацией (перерегистрацией) юридического в органах юстиции]

БСН/БИН:

банк деректемелері / банковские реквизиты

орналасқан жерінің мекенжайы (әділет органдарында тіркелген мәліметке сәйкес пошталық және нақты мекенжайы) / адрес местонахождения (почтовый адрес согласно сведениям, зарегистрированным в органах юстиции, и фактический):

e-mail

/телефондар/телефоны: байланыс/ контактный _____, ұялы байланыс / мобильной связи: _____

[Бірінші басшының немесе

уәкілетті тұлғаның лауазымы] /

[қолтаңба] /

[тегі, аты-жөні]

[Должность первого руководителя

либо уполномоченного лица]

[подпись]

[фамилия, инициалы]

Клиринг орталығының Өтінішті қабылдағаны туралы белгісі / Отметка Клирингового центра о принятии Заявления:

* _____ (Өтінішті қабылдаған операциялық жұмыскердің аты-жөнін, лауазымын, қолтаңбасы мен мөрін қойыңыз, түсіндірмені алып тастаңыз / проставить фамилию и инициалы, должность, подпись лица, принявшего Заявление, комментарий удалить)

* _____ қолы/подпись

м.о./м.п.

" " _____ 20__ ж/г.

Клиринг орталығының деректемелері / Реквизиты Клирингового центра:

Тіркелген мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15G7M6, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 280, "Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің оңтүстік мұнарасы, т.е.ж. 10 (9-қабат), телефон: +7 (727) 237 53 00, факс: +7 (727) 296 64 02 / Адрес места регистрации: Республика Казахстан, А15G7M6, г. Алматы, ул. Байзакова, 280, южная башня многофункционального комплекса "Almaty Towers", н.п. 10 (9-й этаж), телефон: +7 (727) 237 53 00, факс: +7 (727) 296 64.

Төлем жүйелерінде есеп айырысудың аяқталуы үшін қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және оның жеткіліктілігін бақылау ережелерінің

3-қосымшасы

[шығыс нөмірі мен хабарлама күні көрсетілген фирмалық бланкіде]

"KASE клиринг орталығы" АҚ

**"Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-та
қамтамасыз ету шотының ашылғаны туралы**

ХАБАРЛАМА

Осы арқылы _____

[Жарғыға және заңды тұлғаны әділет органдарында тіркеуге (қайта тіркеуге) сәйкес клирингілік қатысушының толық атауы]

"Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-та _____ (қамтамасыз ету шоты ашылған күн) _____ төлем жүйесі шеңберінде (төлем жүйесінің атауы көрсетіледі, БААЖ бойынша БАТШ бөлінісінде көрсетіледі) _____ (шот нөмірі) Қамтамасыз етудің қосалқы шоты ашылғанын хабарлаймыз.

[Бірінші басшының немесе
уәкілетті тұлғаның лауазымы]

[қолы]
[тегі, аты-жөні]

Орындаушы: _____ (А.Ә.Т.) _____ (тел.)